



Жаңа Қазақстан іем Абайдың өсиет-өнегесі

Абай мұрасы – біздің үлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Абай арманы – халық, арманы. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды биік белестерге жетелейді.

Өсер үрпак, келер дәурен, туар тарих қауымына ақын арнап кеткен мұнды, сырлы бір сәлемі өлеңінде еді. Рас, қытымыр заманы мен надан қауымға данышпан ақын жұмбақ болды. Таным тамырына бойламасаңыз, бүгінгі біз үшін де бойына сырын бүккен мәңгілік жұмбақ. «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!». Кінә емес, қадір тұтады біздің дәурен, біздің үрпак. Мындар, миллиондар жүргегі қадір тұтады. Айғағы оның – дәл осы күндер. Болашақ күндерде де Абай әрі бұрынғы, әрі ар жағындағы келешектің өлмес, өшпес тұрғыласы, күн шуағы, айықпас күнгей биігі болып тұрмак. Жай адамның әмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Мәнгі тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жұз жылда бір қайырақ. Алтайдан Алатауға аттап түсгрілік ертең тұлпарындағы сайлардан, сахарапардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайынан аспандап ете бермек.

Абайдың жас жігіт шағынан өлер кезіне шейін әр алуан болып айқындалып шығып отырады. Жекелеп санаасақ, жас кезіндегі өмірлік, азаматтық, ең бірінші ерекшелігі: «Әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы боламын» деген тартысында, «Әкесінің баласы – адамның дүшпана, адам баласы – бауырың» деген ой Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын. Арлан бөрнің соқпағына бөлтірік ақылы көптігінен түспейді, бөрлік табиғатынан деп білген Абай жасында әкеден қол үзгенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың әріс табу үшін қол үзген, сол үшін кеткен. Ол кетуі үстем тап әкімдерімен кетісіү еді. Бұл бірінші үлкен ерекшелігі еді. Осыны ісінде де,



өлең еңбегінде де арман етті.

Екінші ерекшелігі: жуан бел надан, содыр ру басылардан бөліне кеткен бетінде бірден халықты, халықтың мұңын тапты. Жеке қазақ тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгілі көрші елдер – өнерлі орыс халқынан іздеді. Орыс халқының ғасырлық қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етіп, өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жүртұна да дос, қөмек тапты. Сонымен бірінші ерекшелігіне екінші қасиетін қости. Абайды танудың, толықтырудың айнымас ақын жолы осы еді.

Үшінші ерекшелігі: қосқанаттан биікті мензеген ақындығын бұрынғы қазақ ақындарының ешқайсысы шығармаған

әлеуметтік ұлы тартыс, тарихтық тартыс құралына айналдырыды.

Төртінші ерекшелігі: өзі үшін, елі үшін ізденді, ізденді де тапты және бар тапқаны мен тудырғаның үстаздыққа салды. Ақын болып өсер ақынды тәрбиеледі. Қазақтың жаңа әдебиетінің, классик әдебиетінің іргесін өзі қалап туғызып, сол әдебиетке басшы, халықта қамқор, қайраткер болды.

Дана ақынның өз халқынан және адам баласының өнер-ой байлығынан алған үлкен салалы тұп-теркіні бар екенін байқаймыз. Мұның біріншісі – қазақ халқының, есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол

арқылы өз өлеңін көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәүірдің басы, әрі кең майдан келешек еді.

Абайдан қалған асыл мұрасы көбінесе ақындығын – поэзиясын айтамыз. Бірақ Абай мұрасы жалғыз ақындықта емес, көркем қара сөзде де, ән-күй өнерінде де бар. Абайдың «Ғақлия» атанған қара сөзі барлық құрылымың қалпымен, шебер, шешен тілімен және өлеңдеріндегі ой толғауының көпшілігін тереңдеп, еселеп, есіріп-жеткізумен біздің әдебиеттегі тағы бір соны, қызықты жаңа қызықтың бірі болған. Мұнда да сыйнышыл, ойшыл Абай көрінеді.

Барынша тұтас ой ықыласымен ілгепі, жарқын заманға үмтүлғандықтан, Абай өз халқының ой-санасы есу тарихында анық прогресс жолын бастауышы болды. Өз заманының тарихтық, көртартпалық бөгетінің бәрінен аттап өтіп, елі-жүртін дүниелік мәдениетке жеткізем деушінің ең алдыңғы бірі болды. Сол талап-тартысы арқылы, еңбек-егісі арқылы, заман мешеулігін женип, қазақтың еңбек елі мен орыс халқының ой құралдарын бір арнаға қосып, алдағы күндер үшін біріккен күрес қайраткері болды.

Келешек үшін Абай мұрасы – ұлт қайнары, ақиқат пен әділеттің байрағы, ғылым мен білімнің айғағы болып ғұмыр кешері анық. Әр күн сайхаким Абай шығармашылығы қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі болып меммұндалайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абай – мемлекет ісінің мүдделісі, – деп атап өткендей, – ұлы ойшыл бірлігі жарасқан ел болу идеясының жақтаушысы бола білді. Ұлы Абай шығармаларының өзегінде елдің қамы, қуанышы мен қайғысы, келешегі мен арман, мұраты тұр. Жаңа қоғам мен жаңа адамды қалыптастыру идеясы да Абайдан басталады», – деді ол.

Абай саналы ғұмырында ұлтжандылықтың, елдікті қадірлеудің озық үлгісін көрсетті. Ұлы ойшылдың ғибратты сөздері Тәуелсіз Қазақстанның жаңа серпінмен дамуы үшін өте қажет.

**Мархаббат Қараменди,
Абайдың «Жидебай-Бөрілі»
мемлекеттік қорық-музейінің
аға ғылыми қызметкери**